«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ
МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

19.10.2026 № 84-НҚ

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

город Кызылорда

«Теміржолсу-Қзыл-Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру қызметіне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жыл бойынша тарифтік смета шығындары баптарының 5 пайызынан астамын орындамағаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі ескеріле отырып келесі қаражат мөлшерінде, оның ішінде: *жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша* – 1886,97 мың теңгені тұтынушыларға қайтару мақсатында «Теміржолсу-Қзыл-Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне *2026 жылғы 1 желтоқсаннан 2027 жылғы 30 қараша аралығына* жылу энергиясын өндіру қызметіне уақытша өтемдік тариф, осы бұйрыққа берілген 1- қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің «Теміржолсу-Қзыл-Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтерді және тарифтік сметаларды бекіту туралы» 2023 жылғы 27 қаңтардағы №4-НҚ бұйрығының қолдану мерзімі осы бұйрықтың қолдану кезеңінде тоқтатылсын.

3. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі (Ұ. Абдықалық) осы бұйрықты «Теміржолсу-Қзыл-Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

4. «Теміржолсу-Қзыл-Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарифтің өзгертілгені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына тариф күшіне енгізілгенге дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын жеткізсін.

000093

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшысының орынбасары З. Сардарбекке жүктелсін.

6. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1, 2 - тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы **А. Абдрайхан**